

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 ақпандағы N 65 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 наурызда N 3740 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 19.01.2015 № 12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 19.01.2015 № 12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталғандарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	М. Сейтахметов
	Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 ақпандағы N 65 қаулысына қосымша

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталған азаматтарға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері

1. Аумақты мұздан тазалау.
2. Аумақты қардан тазалау.
3. Аумақты қоқыстан тазалау.
4. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазалау.

5. Аумақты арамшөптерден тазалау.
6. Ғимараттарды, қоршауларды сырлау.
7. Ғимараттарды, қоршауларды, ағаштарды ақтау.
8. Гүлбақтарды, гүлзарларды, көшеттерді бөлу және отырғызу.
9. Гүлбақтарды, гүлзарларды, көшеттерді суару.
10. Жас бұтақтарды кесу.
11. Шөп шабу.
12. Суағар жыраларды шөптен және қоқыстан тазалау.
13. Ескі құрылыстарды бұзу кезіндегі құрылыс қоқыстарын тазалау.